

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 23 тамыздағы N 239-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған»"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілерді әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы»23 тамыздағы
N 239-ө өкімімен

бекітілген

**"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының
2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында
қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің
тізбесі**

Р/с N	Атауы	Актінің нысаны	Орында- луына жауапты мемле- кеттік орган	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1	Мемлекеттік сатып алу жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (шақыру), Әділет-мині	2007 жылғы қыркүйек
2				

	"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын қолдану үшін қажетті рейтингтік ұйымдардың (рейтингтердің тиісті мәндерін көрсете отырып), қор және тауар биржаларының, аудиторлық ұйымдардың тізбесін бекіту, сондай-ақ олар ұсынатын құжаттардың нысанымен мазмұнына қойылатын талаптарды белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (шақыру), ИСМ, ҚҚА (келісім бойынша), Ұ Б (келісім бойынша), А Ө Қ О (келісім бойынша)	2007 жылғы қыркүйек
3	Ауыл шаруашылығы өнімін отандық өндірушілерден сатып алуды, сондай-ақ оны сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	А Ш М (шақыру), Қаржымині	2007 жылғы қыркүйек
4	Отандық ықтимал берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	И С М (шақыру), ЭБЖМ, Еңбекмині	2007 жылғы қыркүйек
5	"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын қолданбай тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын ауылдық елді мекендерде орналасқан әлеуметтік саланың мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (шақыру), Еңбекмині, БҒМ, ДСМ, АШМ	2007 жылғы қыркүйек

6	Ұйымдасқан электрондық сауда-саттықта тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесін, сондай-ақ оларды сатып алу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (шақыру), АБА	2007 жылғы қыркүйек
7	Мемлекеттік сатып алу саласындағы тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу ережесін белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (шақыру), АБА, Әділет-мині, ЭБЖМ	2007 жылғы қыркүйек
8	Мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру ережесін белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (шақыру), БҒМ	2007 жылғы қыркүйек
9	Тапсырыс берушілер үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін күн сайын немесе апта сайын сатып алатын тұтыну тауарларының, жұмыстардың, қызметтердің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (шақыру), ЭБЖМ, Әділет-мині	2007 жылғы қыркүйек
10	Тауарларды кейін қайта өңдеу мақсатында, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар сатып алатын тауарлар тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	И С М (шақыру), Қаржы-мині, Әділет-мині, АШМ, ЭМРМ	2007 жылғы қыркүйек
11	Стратегиялық маңызды өндірістер үшін шикізат ресурсы болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында өндіріл-	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (шақыру), ЭМРМ	

	мейтін және шетелде сатып алынатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы			2007 жылғы қыркүйек
12	Арнайы қорғау дәрежесін талап ететін баспа өнімін берушілерді айқындау туралы, сондай-ақ олардан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (шақыру), Әділет-мині, ҰБ (келісім бойынша)	2007 жылғы қыркүйек
13	Түзеу мекемелері мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін, сондай-ақ олардан тапсырыс берушілер сатып алатын олар өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі мен көлемін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділет-мині (шақыру), ЭБЖМ, Қаржымині	2007 жылғы қыркүйек
14	Мүгедектердің республикалық қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардың тізбесін, олар өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі мен көлемін бекіту туралы, сондай-ақ тапсырыс берушілердің олардан осындай тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесін белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині (шақыру), Әділет-мині, ЭБЖМ, Қаржымині	2007 жылғы қыркүйек

Ескертпе:	аббревиатуралардың толық жазылуы:
Қаржымині	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭБЖМ	- Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Әділетмині	- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ИСМ	- Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
ЭМРМ	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
АШМ	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын
реттеу және қадағалау агенттігі
АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс
а г е н т т і г і
ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
АӨҚО - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы
орталығының қызметін реттеу агенттігі